

Жеңістің жетпіс жылдығына жаңа тарту



7 мамыр. Аудан орталығында ержүрек жерлестеріміз, “Даңқ” орденінің толық иегері, Қарағанды қаласы мен Нұра ауданының Күрметті азаматы Мүтәш Сүлейменовке, «Ленин», «1 дәрежелі Отан соғысы», «Александр Невский»

жүргізіліп, жаңа қалыпта, жаңа дүниелермен ашылғалы тұр екен.

Салтанатты шара шымылдығын келген қонақтар мен ауыл тұрғындары алдында алдымен мектеп директоры А.Ахметов пен ауыл



ордендерінің толық иегері Семен Лебедевке, «Ленин» ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалінің иегері Иван Колодий мүсіндерінің салтанатты ашылуының күегері боддық. Осы күні түс ауа Кертінді ауылы батыр үш жерлесіміздің бірі М.Сүлейменов мектебінің ұжымы Өлкетану мұражайына қайта жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жаңғыртып, қорын толықтырып, салтанатты ашылу мерекесін ұйымдастырды.

Ауылдың ақ жарқын тұрғындары мектеп ғимаратына жиналған. Салтанатты шараның ашылу рәсімін тағатсыздана күтіп тұрғандай. Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы құрметіне Отан қорғаушылар күніне межеленген шараға аудандық Өлкетану мұражайының директоры Ә.Есмағанбетова, аудандық ардагерлер ұйымының төрайымы К.Жұмаділова және М.Сүлейменовтің балалары мен немерелері келді.

Мұражай, негізінен, 2003 жылы бой көтерген. Содан бері бір мүшелге таяу жыл өткен. Мұражай мектеп ғимаратында орналасқандықтан, негізгі материалдар ұстаздар мен оқушылар еңбегімен жиналған. Жыл өткен сайын тарих қойнауынан өз үлесін алар дүниелер саны да еселене түсері өмір заңдылығы. Елге көрсетуге тұрарлық жиналған құнды дүниелердің барынша жиналуына сай ауыл ақсақалдарымен, тұрғындарымен келісе келе, мектеп ішінен мұражайға деп кендеу бөлме беріліп, жөндеу жұмыстары

әкімі Е.Оспанов құттықтау сөз сөйлеп ашты. Аудан орталығынан келген қонақтардан К.Жұмаділова ауыл халқын мерекелендіретін құттықтаса, аудандық өлкетану мұражайының директоры аталмыш мұражайдың тарихына тоқталды. Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында алғашқы рет М.Сүлейменов атындағы мұражай ашылу керек деп шешім шыққан кезде, басталар іске демей болып, жоқтан бар жасаған ауыл азаматтары Қорабай Досжанов пен Балташ Сыздықовтың еңбегін халық алдында атап өтті. Ауыл ақсақалдары атынан Қ.Досжанов өз лебізін білдірсе, тыл және еңбек ардагері Мария Бипауова аналық алғысын білдіріп, бата берді.

Салтанатты шараның шарықтау шегі - лента кию рәсімін мектептің ардагер ұстазы Нұрбала Мұхамеджанова, Балташ Омарұлы және Мүтәш Сүлейменовтің қызы Жұпар Мүтәшқызы қиды. Іле шашу шашылды, мұражай есігі айқара ашылып, жиналған жамағат мұражайды тамашалауға бет бұрды.

Бірі ағасын, бірі атасын, бірі әкесін, енді біреулері өздерін көріп, мәре-сәре болуда. Мұражайда округ бойынша соғысқа аттанған ардагерлерден бастап соғыстан кейінгі заманнан бүгінгі таңға дейін ауылдың көркею жолында аянбай еңбек еткен ел ағаларының бейнесі тарихымен бар екен.

Тазагүл Пішенбаева